Бақылау данасы
Контрольный экземпляр

Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ДАРА СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАР. ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ДАРА СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

ЕДИНИЧНЫЕ СМЕТНЫЕ ЦЕНЫ НА СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫЕ РАБОТЫ. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ ПО ПРИМЕНЕНИЮ ЕДИНИЧНЫХ СМЕТНЫХ ЦЕН НА СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫЕ РАБОТЫ

(ҚР ҚНБҚ 8.04-03-2022)
(НДЦС РК 8.04-03-2022)

Мемлекеттік нормативтің осы жобасы оны бекіткенге дейін қолдануға жатпайды

Настоящий проект государственного норматива не подлежит применению до его утверждения

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Астана 2022

Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ДАРА СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАР. ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ДАРА СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

ЕДИНИЧНЫЕ СМЕТНЫЕ ЦЕНЫ НА СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫЕ РАБОТЫ. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ ПО ПРИМЕНЕНИЮ ЕДИНИЧНЫХ СМЕТНЫХ ЦЕН НА СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫЕ РАБОТЫ

(ҚР ҚНБҚ 8.04-03-2022)
(НДЦС РК 8.04-03-2022)

Мемлекеттік нормативтің осы жобасы оны бекіткенге дейін қолдануға жатпайды

Настоящий проект государственного норматива не подлежит применению до его утверждения

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Астана 2022

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (ҚР ИИДМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар баскармасы
3 ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.12.2022 ж. № 223-нқ бұйрығымен 01.01.2023 жылдан бастап

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Предисловие

1 РАЗРАБОТАНЫ	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕНЫ	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (КДСЖКХ МИИР РК)
3 ПРИНЯТЫ	Приказом КДСЖКХ МИИР РК от 01.12.2022 года № 223-нқ
И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ	с 01.01.2023 года

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства

Мазмұны

Кіріспе V

1 Қолдану саласы 1

2 Жалпы бөлік 1

А қосымшасы 6

А. 1 кестесі - Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар жинағы Бөлімдерінің және Шығарылымдарының тізбесі 6

Б қосымшасы 8

Б.1 кестесі - Жобаларда көзделген жұмыстарды жүргізу жағдайларының әсерін есепке алуға арналған жұмысшылардың еңбек шығындарының, машиналарды пайдалану уақытының сметалық бағаларына және нормаларына (машинистерінің еңбек шығындарын қоса алғанда) қрлданылатын коэффициенттер 8

Б. 2 кестесі – Электр беру желілерінің күзет аймағының арақашықтығы 9

В ҚОСЫМШАСЫ 10

В. 1 кестесі - Құрылыс салу температуралық аймағының климаттық жағдайларына байланысты құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде қосымша еңбек шығындарын есепке алу үшін жұмыстардың топтары бойынша жұмысшылардың еңбек шығындарының, машиналарды пайдалану уақытының (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда) сметалық бағаларына және нормаларына коэффициенттер . 10

В.2 кестесі – Құрылыс-монтаждау жұмыстарының түрлері мен топтары 11

БЕЛГІ ҮШІН

Кіріспе

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар Қазақстан Республикасының құрылысында баға белгілеу мен сметалық нормалау жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар жинақтарынан және оларды қолдану жөніндегі жалпы ережелерден тұрады.

Осы құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер (бұдан әрі – Жалпы ережелер) дара сметалық бағаларды қолданудың бірыңғай тәртібін белгілейді.

БЕЛГІ ҮШІН

БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖДАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ДАРА СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

GENERAL PROVISIONS FOR THE APPLICATION OF SINGLE ESTIMATE PRICES FOR CONSTRUCTION AND ASSEMBLY WORKS

Енгізу күні 2023-01-01

1 Қолдану саласы

1.1 Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар (бұдан әрі – ДСБ) сметалық нормативтер болып табылады және жергілікті сметалар мен жергілікті сметалық есептерді жасау кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының құрамындағы жұмыс түрлерінің сметалық құнын анықтауға, орындалған жұмыстарға есептеулер үшін ірілендірілген сметалық нормативтерді әзірлеуге арналған.

1.2 Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар (ДСБ) қолданыстағы ғимараттарды, құрылыстарды, олардың кешендері мен коммуникацияларын салуға (жаңаларын тұрғызуға және (немесе) өзгертуге (қайта жаңартуға, жаңғыртуға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға), олармен байланысты технологиялық және инженерлік жабдықтарды монтаждауға (бөлшектеуге) сметалық құжаттаманы жасау кезінде құрылыс және монтаждау жұмыстарының, сондай-ақ қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды бұзуға (бөлшектеуге) байланысты жұмыстардың сметалық құнын айқындауға арналған.

1.3 Құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар қабылданған техника, технология және құрылыс жұмыстарының әрбір түріне жұмыстарды ұйымдастыру бойынша шығындардың орташа салалық деңгейін көрсетеді және қаржыландыру көздеріне, ведомстволық тиесілілігіне және меншік нысанына қарамастан инвестициялық процеске қатысушылардың (жобалау ұйымдары, тапсырыс берушілер, мердігерлер) құрылыстың сметалық құнын айқындауы үшін қолданылуы мүмкін.

2 Жалпы бөлік

2.1 Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар (ДСБ) құрылыс ресурстарының сыныптауышында белгіленген кодтауды ескере отырып, қолданыстағы құрылыс жұмыстары мен конструкцияларына (ҚР ЭСН 8.04-01), жабдықтарды монтаждауға (ҚР ЭСН 8.04-02) арналған элементтік сметалық нормалар (ЭСН), материалдарға, бұйымдар мен конструкцияларға (ҚР СБЖ 8.04-08) және инженерлік жабдықтарға (ҚР СБЖ 8.04-09) арналған сметалық бағалар, құрылыс машиналарын пайдалануға арналған сметалық бағалар (ҚР МПСБ 8.04-11) негізінде әзірленді.

Дара сметалық бағалар – бұл белгіленген өлшеуішке құрылыс-монтаждау жұмыстарын (жалпы құрылыс, әрлеу, санитарлық-техникалық, монтаждау) орындауға арналған сметалық бағаларды қамтитын құн көрсеткіштері. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар тиісті кезеңнің баға деңгейінде әзірленді.

2.2 Осы Жалпы ережелер Дара сметалық бағалар жинақтары Бөлімдерінің құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған барлық дара сметалық бағалары үшін ортақ болып табылады.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар күрделілігіне және сапасына жоғары талаптар қойылатын бірегей ғимараттар мен құрылыстардағы жеке конструкцияларға және жұмыстардың түрлеріне қолданылмайды.

2.3 Дара сметалық бағалар (ДСБ) құрылыс түрлері бойынша жинақтардан тұрады. Жинақтар құрамында ДСБ жұмыс түрлері бойынша бөлімдерге топтастырылған шығарылымдар бөліп көрсетіледі.

Жинақтардың әр шығарылымы мынадай екі бөліктен тұрады:

1 бөлік – өңірлер бойынша дара сметалық бағалар:

Астана қаласы, Ақмола облысы, Қарағанды облысы, Ұлытау облысы, Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы;

Ақтөбе облысы, Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы, Маңғыстау облысы;

Алматы қаласы, Шымкент қаласы, Алматы облысы, Жамбыл облысы, қызылорда облысы, Түркістан облысы;

Абай облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Жетісу облысы, Павлодар облысы;

2-бөлік– жинақтардың бөлімдеріне техникалық бөліктер және «Дара сметалық бағаларда ескерілмеген ресурстар тізбесі» деген А қосымшасы.

2.4 Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар (ДСБ) ғимараттар мен желілік құрылыстар үшін олардың мақсатын ескере отырып әзірленді (жинақтар, шығарылымдар).

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар (ДСБ) құрылыс және арнайы құрылыс жұмыстарының, ғимараттардың құрылымдық элементтерін орнатуға (монтаждауға) байланысты монтаждау жұмыстарының түрлері бойынша бөлімдерге біріктірілген.

Жинақтардың, Шығарылымдардың және бөлімдердің тізбесі осы Жалпы ережелерге А қосымшасында келтірілген.

2.5 Жинақтың әр Бөлімінде техникалық бөлік, дара сметалық бағалар кестелері бар.

Техникалық бөлікте ДСБ қолдану мақсаты мен тәртібі туралы мәліметтер, жұмыс көлемдерін есептеу ережелері, нормаларда қабылданғандардан ерекшеленетін жағдайларда жұмыс жүргізуді ескеретін коэффициенттер, бағалардың кодын және/шифрын көрсете отырып, кесте келтіріледі.

Жұмыстардың түрлеріне арналған дара сметалық бағалар кестеде келтіріледі. Кесте жұмыстардың түрлері бойынша топтарға жасақталатын біртекті нормаларды біріктіреді, топтар кіші бөлімдерге бірігеді. Біріктіру құрылыс процесінің технологиялық кезектілігі және жұмыстарды жүргізу тәсілдерінің негізінде жүргізілді.

Кестеде ДСБ (дара сметалық баға) коды және оған сәйкес ЭСН (элементтік сметалық норма) коды, жұмыс атауы (тиісті бөлімнің кіші бөлімінің тобы бойынша), өлшем бірлігі, теңгемен өңір бойынша дара сметалық баға (ДСБ) келтірілген.

2.6 Жұмыстар, материалдық ресурстар мен конструкциялар түрлерінің атаулары негізгі сипаттайтын параметрлерді қамтиды. «Дейін» деген сөзбен келтірілген жеке сипаттамалардың параметрлерін (ұзындығы, биіктігі, ауданы, массасы және т.б.) қоса алғанда, ал «бастап» деген сөзбен – көрсетілген шаманы қоспағанда, яғни жоғары деп түсіну керек.

2.7 Дара сметалық бағалар негізгі операциялар мен жұмыс түрлерінің тізбесін ескереді. Ұсақ және қосалқы ілеспе операциялар аталмайды, бірақ сметалық бағаларда ескерілген.

2.8 Дара сметалық бағалар орташаланған жағдайларда әрбір жұмыс түрі бойынша негізгі және қосалқы операциялардың толық кешенін орындауға барлық қажетті ресурстардың қажеттілігін көрсетеді. Дара сметалық бағалар осы Жалпы ережелерге Б қосымшада, сондай-ақ Жинақ Бөлімдерінің техникалық бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, нақты объектіде жұмыстар жүргізу жобасында көзделген құрылыс машиналары мен механизмдерінің қолданылатын номенклатурасына, құрылыс жұмыстарын жүргізу технологиясы мен әдістеріне байланысты түзетілмейді.

2.9 Жұмыстың жеке түріне арналған дара сметалық бағалар (ДСБ) жұмыстың өлшем бірлігіне белгіленген мынадай құн көрсеткіштерін қамтиды:

еңбек шығындарының сметалық бағасы;

машиналарды пайдаланудың сметалық бағасы (машинистердің еңбегіне ақы төлеуді қоса алғанда);

жұмыстарды жүргізу процесінде пайдаланылатын материалдардың, бұйымдар мен конструкциялардың сметалық бағасы.

Өлшем бірлігіне ресурстардың (материалдық, еңбек, пайдалану) құндық көрсеткіштеріне арналған сметалық бағалар сол кезеңдегі сметалық бағалардың тиісті жинақтары бойынша қабылданды.

2.10 Дара сметалық бағаларда (ДСБ) жұмыс түрін анықтайтын материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың (конструктивтік элементтердің), жабдықтардың құны ескерілмеген.

Дара сметалық бағаларда ескерілмеген материалдық ресурстар – бұл шығыс нормасы «П» әрпін көрсете отырып, жобалық шешімдерге байланысты материалдық ресурстар, сондай-ақ шығысы берілген, бірақ олардың құны дара сметалық бағада ескерілмеген материалдық ресурстар.

Дара сметалық бағаларда ескерілмеген материалдық ресурстар, олардың сипаттамаларын (типін, маркасын, класын және т.б.) көрсете отырып, ДСБ тиісті жинағына (ДСБ 2-бөлігі) А қосымшасының (міндетті) «Дара сметалық бағаларда ескерілмеген ресурстар тізбесі» деген кестесіне енгізіледі.

2.11 Қосалқы материалдық ресурстар дара сметалық бағаға енгізілген және бөлек көрсетілмейді. Қосалқыларына осы жұмыс түрінің сметалық құнына айтарлықтай әсер етпейтін ілеспе материалдық ресурстар жатады.

2.12 Сметалық құжаттаманы жасау кезінде «П» әрпімен материалдық ресурстардың шығысы жобалау деректері (жұмыс сызбалары) бойынша айқындалады, ал сметалық баға сметалық бағалар жинақтары бойынша немесе құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес айқындалады.

2.13 Жеке материалдық ресурстар қосымша техникалық сипаттамалары мен маркаларын көрсетпей, ресурстардың нормаланатын шығысын келтіре отырып немесе онсыз қысқартылған атауларда жалпыланған номенклатура бойынша ұсынылды. Нақты белгілері, өлшемдері және басқа сипаттамалары жоқ материалдық ресурстар жиі кездеседі. Мұндай материалдық ресурстар бойынша шығыс ДСБ-ға 2-бөліктің А қосымшасында келтірілген, бірақ олардың бағасы ескерілмеген. Сметалық құжаттаманы жасау кезінде

мұндай материалдық ресурстардың атаулары мен техникалық сипаттамалары қабылданған жобалау шешімдеріне (жобалау деректері, жұмыс сызбалары мен ерекшеліктер бойынша) сәйкес олардың шығыстарын түзетпей нақтылануға жатады. Мұндай материалдық ресурстардың сметалық бағасы оларды нақтылау кезінде сметалық бағалар жинақтары бойынша немесе құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес айқындалады.

2.14 Бірнеше рет пайдаланылатын (айналатын) материалдар мен бөлшектердің (қалыптар, бекіткіштер және т.б.) шығыс нормасын ескере отырып, дара сметалық бағалар олардың айналымдарының технологиялық негізделген санын және әрбір айналымнан кейін рұқсат етілетін шығындардың нормаларын ескере отырып әзірленді.

2.15 Дара сметалық бағаларда, ерекше айтылған жағдайларды қоспағанда, объект жанындағы қоймада материалдарды түсіру құны, сондай-ақ материалдарды, бұйымдар мен конструкцияларды объект жанындағы қоймадан оларды орнату, монтаждау немесе жобалау жағдайына (құрылыс ішіндегі көлік) төсеу орнына дейін көлденең және тік тасымалдауға арналған шығындар ескерілген.

2.16 Құрылыс салу температуралық аймағының климаттық жағдайларына байланысты құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде қосымша еңбек шығындарын есепке алу үшін жұмыстардың топтары бойынша жұмысшылардың еңбек шығындарының, машиналарды пайдалану уақытының (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда) сметалық бағаларына және нормаларына осы Жалпы ережелерге В қосымшаның В. 1 кестесінде келтірілген коэффициенттер қолданылады.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының түрлері мен топтары бойынша осы Жалпы ережелерге В қосымшаның В. 2 кестесінде келтірілген.

3 Қолдану тәртібі

3.1 Сметалық құжаттаманы есептеу үшін жұмыстардың көлемін Жинақ Бөлімдерінің техникалық бөлігінде келтірілген жұмыстардың көлемі есептеу қағидадарына сәйкес анықталады.

3.2 Дара сметалық бағаларды (ДСБ) қолдану жергілікті сметаларды (жергілікті сметалық есептеулерді) жасау кезінде тікелей жүзеге асырылады. Дара сметалық бағаларды қолдану тәртібіне және жұмыс жағдайларына коэффициенттерді есепке алуға байланысты көрсеткіштерді нақтылау жергілікті сметаларды (жергілікті сметалық есептерді) жасау кезінде жүзеге асырылады.

Дара сметалық бағаларды қолданған кезде жергілікті сметалардағы (жергілікті сметалық есептердегі) жұмыстардың атауы кестелерде және тиісті бағандардың ДСБ кестелерінің тақырып бөліктерінде орналастырылған ақпаратта көрсетілген атауларға сәйкес келтіріледі.

3.3. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағаларда бөлімдердің тиісті техникалық бөліктерінде нұсқаулар болған кезде құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ) шешімдеріне байланысты қосымша шығындар ескерілмеген және қолданыстағы сметалық нормаларға және құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес қосымша ескеріледі.

3.4 ДСБ-да ғимараттар мен құрылыстардың жеке конструкцияларын; ішкі санитарлық-техникалық құрылғылар мен сыртқы желілерді бөлшектеуге (бөліктеуге)

қажетті нормалар мен бағалар болмаған жағдайда, Жинақтың тиісті Бөлімдері бойынша жұмысшылардың еңбек шығындарының, құрылыс машиналарын пайдалану уақытының (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда) сметалық бағаларына және нормаларына 1-кестеде келтірілген коэффициенттерді қолдана отырып, монтаждауға (орнатуға, құрылғысына) арналған нормалар қолданылуы тиіс.

Бөлшектеу (бөліктеу) жұмыстарының құнын анықтау кезінде бөлшектеу үшін қосалқы материалдарды: электродтарды, оттегіні, пропан-бутанды пайдалану қажет болатын металл конструкцияларды бөлшектеуді қоспағанда, материалдық ресурстар шығысының нормалары ескерілмейді.

Металл конструкцияларды бөлшектеу кезінде қосалқы материалдар шығысының нормасына коэффициенттер 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Конструкциялар мен инженерлік құрылғыларды бөлшектеуге (бөліктеуге) арналған нормаларға коэффициенттер

Бөлшектеу жұмыстарының атауы	Нормаларға қолданылатын коэффициенттер		
	негізгі жұмысшылардың еңбек шығындары және еңбек шығындарының сметалық бағасы	машиналарды пайдалану уақыты (машинистердің еңбек шығындарын және еңбек шығындарының сметалық бағасын қоса алғанда)	қосалқы материалдар шығысы
1	2	3	4
Құрастырмалы темірбетон және бетон конструкцияларды бөлшектеу	0,8	0,8	-
Құрастырмалы ағаш конструкцияларды бөлшектеу	0,8	0,8	-
Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды (су құбырын, кәрізді, суағарларды, жылытуды, желдетуді) бөлшектеу	0,4	0,4	-
Сыртқы су құбыры, кәріз, жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау желілерін бөлшектеу	0,6	0,6	-
Металл конструкцияларды бөлшектеу	0,6	0,7	0,5

А қосымшасы
(*міндетті*)

А. 1 кестесі - Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар жинағы Бөлімдерінің және Шығарылымдарының тізбесі

Жинақ, Шығарылым, Бөлім	Жинақтың, Шығарылымның, Бөлімдердің атауы
1-жинақ	**Ғимараттар**
1-шығарылым	**Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар**
1-бөлім.	Жер жұмыстары
2-бөлім.	Қада қағу жұмыстары
3-бөлім.	Монолитті бетон және темірбетон конструкциялар
4-бөлім.	Құрама бетон және темірбетон конструкциялар
5-бөлім.	Тас конструкциялар
6-бөлім.	Металл конструкциялар
7-бөлім.	Ағаш, гипсокартон, ПВХ және алюминий конструкциялар
8-бөлім.	Ойықтар
9-бөлім.	Едендер
10-бөлім.	Жабындылар
11-бөлім.	Оқшаулау жұмыстары
12-бөлім.	Әрлеу жұмыстары
13-бөлім.	Аумақтарды көгалдандыру, абаттандыру
14-бөлім.	Ішкі құбыр жүйелері
15-бөлім.	Су құбыры мен кәріздің ішкі жүйелері
16-бөлім.	Ішкі жылыту жүйелері
17-бөлім.	Газбен жабдықтаудың ішкі жүйелері
18-бөлім.	Желдету және ауа баптаудың ішкі жүйелері
19-бөлім.	Электрмен жарықтандырудың ішкі жүйелері
20-бөлім.	Көтергіш-көлік жабдығы
21-бөлім.	Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері

А.1 кестесінің жалғасы

Жинақ, Шығарылым, Бөлім	Жинақтың, Шығарылымның, Бөлімдердің атауы
22-бөлім.	Сыртқы кәріз желілері
23-бөлім.	Сыртқы жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау желілері
24-бөлім.	Электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері
25-бөлім.	Әлсіз токты желілер
2-жинақ	**Желілік құрылыстар**
1-шығарылым	**Автомобиль жолдары**
1-бөлім.	Автомобиль жолдары

Б қосымшасы
(*міндетті*)

Б.1 кестесі - Жобаларда көзделген жұмыстарды жүргізу жағдайларының әсерін есепке алуға арналған жұмысшылардың еңбек шығындарының, машиналарды пайдалану уақытының сметалық бағаларына және нормаларына (машинистерінің еңбек шығындарын қоса алғанда) қрлданылатын коэффициенттер

Нөмірі	Жұмыстарды жүргізу жағдайлары	Коэффициент
1	Жабдықтардан және жұмыстарды қалыпты жүргізуге кедергі келтіретін басқа да заттардан босатылған пайдаланылатын ғимараттар мен құрылыстарда, құрылыс жұмыстарын жүргізу.	1,20
2	Пайдаланылатын ғимараттар мен құрылыстарда: жұмыс жүргізу аймағында жұмыс істеп тұрған технологиялық жабдықтардың (станоктар, қондырғылар және т. б.) немесе үймелейтін заттардың (зертханалық жабдық, жиһаз және т. б.) немесе цех ішіндегі жолдар бойынша көлік қозғалысының болуы жағдайында құрылыс жұмыстарын жүргізу,	1,35
2.1	бұл да сондай, жұмыс орнындағы ауаның температурасы үй-жайларда плюс 40˚С-тан жоғары болған кезде	1,50
2.2	бұл да сондай, еңбек жағдайлары зиянды, онда жұмыс кәсіпорындарына қысқартылған жұмыс күні, ал құрылысшы жұмысшылар жұмыс күнінің ұзақтығы қалыпты,	1,50
2.3	бұл да сондай, зиянды еңбек жағдайларымен, онда құрылысшы-жұмысшылар 36 сағаттық жұмыс аптасы кезінде қысқартылған жұмыс күніне ауыстырылған,	1,55
2.4	бұл да сондай, зиянды еңбек жағдайларымен, онда құрылысшы-жұмысшылар 24 сағаттық жұмыс аптасы кезінде қысқартылған жұмыс күніне ауыстырылған	2,30
3	Қысылтаяң жағдайларда ашық және жартылай ашық өндірістік алаңдарда құрылыс жұмыстарын жүргізу: жұмыстарды жүргізу аймағында жұмыс істеп тұрған технологиялық жабдықтың немесе технологиялық көлік қозғалысының болуымен.	1,15
3.1	бұл да сондай, еңбек жағдайлары зиянды (будың, шаңның, зиянды газдардың, түтіннің және т. б. болуы), онда жұмыс кәсіпорындарына қысқартылған жұмыс күні, ал құрылысшы жұмысшылардың жұмыс күнінің ұзақтығы қалыпты.	1,25
4	Қолданыстағы электр беру әуе желісінің күзет аймағында құрылыс жұмыстарын жүргізу.	1,20
5	Жер бетінен 3 м төмен тұрған жабық құрылыстарда (үй-жайларда) құрылыс жұмыстарын жүргізу.	1,10
6	Қысылтаяң жағдайларда жаңа объектілердің құрылысы: көлік коммуникацияларының тармақталған желісі бар және материалдарды жинау үшін қысылтаяң жағдайлардағы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың аумақтарында.	1,15
7	Инженерлік желілер мен құрылыстардың, сондай-ақ қалалардың құрылыс салынған бөлігінің қиын жағдайларындағы тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердің құрылысы.	1,15
8	Табиғи ландшафты сақтай отырып, жер бедері күрт қиылысқан тау баурайларында, қиын жағдайларда объектілердің құрылысы.	1,20

Ескертпелер

1. Қалалардың құрылыс салынған бөлігіндегі қиын жағдайлар төменде көрсетілген факторлардың үшеуімен сипатталады:

қираған жабындарды қалпына келтіру мен жасыл желекті қоса алғанда, қармауда барлық жұмыстарды толық аяқтай отырып, қысқа қармаулармен басып алу салу қажеттілігін негіздейтін жұмыс орнына тікелей жақын орналасқан қалалық көлік пен жаяу жүргіншілердің қарқынды қозғалысы;

ілінуге немесе қайта төсеуге жататын қолданыстағы жерасты коммуникацияларының тармақталған желісі;

тұрғын немесе өндірістік ғимараттар, сондай-ақ жұмыс орнына тікелей жақын жерде сақталатын жасыл желектер;

материалдарды жинаудың қиын жағдайлары немесе оларды жұмыс орындарын материалдармен қалыпты қамтамасыз ету үшін құрылыс алаңында жинаудың мүмкін еместігі.

2 Сметалық құжаттаманы жасау кезінде коэффициенттерді қолдану жобаларда негізделуі тиіс. 4 және 5-тармақтардың коэффициенттерін қоспағанда, бірнеше коэффициенттерді бір мезгілде қолдануға жол берілмейді. 4 және 5-тармақтарда көрсетілген коэффициенттер басқа коэффициенттермен бірге қолданылуы мүмкін. Бір мезгілде қолданғанда коэффициенттер көбейтіледі.

3 Коэффициенттер ҚР ЭСН 8.04-01 «Ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау жөніндегі құрылыс жұмыстары» деген 46-бөліміне сәйкес келетін жұмыстардың түрлері бойынша нормаларға қолданылмайды.

4 Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер бөлігінде 7-тармақ бойынша коэффициент ішкі әрлеу, сантехникалық, электртехникалық және ғимараттың (құрылыстың) ішінде жүргізілетін басқа да жұмыстарға қолданылмайды.

5 Электр берілісінің әуе желілері бойындағы күзет аймағы Б 2 кестесінде келтірілген арақашықтықта әр түрлі кернеу желілері үшін шеткі сымдардан (олар қабылданған жағдайда) қашық орналасқан параллель түзу арқылы өтетін тік жазықтықтар арасында жасалған жер учаскесі мен кеңістік болып табылады.

Б. 2 кестесі – Электр беру желілерінің күзет аймағының арақашықтығы

Желі кернеуі, кВ	Арақашықтық, м
1-ге дейін	2
1-ден 20-ға дейін қоса алғанда	10
35	15
110	20
150	25
220, 330	25
400, 500	30
750	40
800 (тұрақты ток)	30

В ҚОСЫМШАСЫ

(*міндетті*)

В. 1 кестесі - Құрылыс салу температуралық аймағының климаттық жағдайларына байланысты құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде қосымша еңбек шығындарын есепке алу үшін жұмыстардың топтары бойынша жұмысшылардың еңбек шығындарының, машиналарды пайдалану уақытының (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда) сметалық бағаларына және нормаларына коэффициенттер

Температуралық аймақ	Өңір	Жұмыс топтары бойынша коэффициенттер		
		1	2	3
I	Жамбыл облысы	1,02	1,03	1,04
	Маңғыстау облысы			
	Түркістан облысы			
	Шымкент қаласы			
II	Алматы қаласы	1,04	1,06	1,08
	Алматы облысы			
	Атырау облысы			
	Жетісу облысы			
	Қызылорда облысы			
III	Ақтөбе облысы	1,05	1,08	1,11
	Батыс Қазақстан облысы			
IV	Астана қаласы	1,06	1,09	1,12
	Абай облысы			
	Ақмола облысы			
	Шығыс Қазақстан облысы			
	Қарағанды облысы			
	Қостанай облысы			
	Павлодар облысы			
	Солтүстік Қазақстан облысы			
	Ұлытау облысы			

Ескертпелер

1 Коэффициенттер суық кезеңнің климаттық жағдайларына байланысты өңірлердің температуралық аймақтары бойынша сараланған.

2 Коэффициенттер құрылыс салу температуралық аймағының климаттық жағдайында жұмыстарды жүргізудің қиындауына байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі қосымша шығындарды ескереді. Жұмыстарды жүргізудің қиындауы еңбек өнімділігінің төмендеуіне әсер ететін келесі факторлардың болуымен сипатталады:

жұмысшылардың жылы киіммен қозғалуының қиындауы және қолғаптағы жұмыстың қолайсыздығы;

жұмыс орнындағы қолайсыз климаттық жағдайлар кезінде көрінудің нашарлауы;

жұмыс орнында мұз бен қардың болуы; аяқ киімнің, материалдардың, конструкциялар мен құралдардың мұздануы; жұмыс процесінде жұмыс орнын, материалдарды және т. б. қардан мерзімді тазарту қажеттілігі;

сыртқы ауа температурасы минус 20°С-тан минус 35°С-қа дейін болғанда жұмысшыларды жылыту үшін жұмыстағы үзіліспен байланысты және минус 30°С-тан төмен температурада жұмыс күнін қысқарту есебінен жұмыс уақытының жоғалуы;

қолайсыз климаттық жағдайлар кезеңінде құрылыс машиналары мен механизмдерінің өнімділігінің төмендеуі, сондай-ақ қолайсыз климаттық жағдайлар кезеңінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға байланысты жұмыстағы үзілістер кезінде олардың бос тұруы;

жылдамдығы қоса алғанда 10 м/с дейінгі желдің болуы;

төмен температурадан туындаған технологиялық процестердегі асқынулар (жұмысшыларды жылыту үшін уақытша құрылыстарды дайындау, уақытша су құбырлары желілері мен бактарды жылыту, бетон мен ерітіндіні тасымалдау құралдарын жылытуды қолдану, құрылыс машиналарын пайдалануға уақыт нормасын ұлғайту).

3 Коэффициенттер жұмыстар жүргізілген жылдың уақытына қарамастан В. 2 кестесінде келтірілген құрылыс-монтаждау жұмыстарының барлық түрлеріне қолданылады.

В.2 кестесі – Құрылыс-монтаждау жұмыстарының түрлері мен топтары

Бөлімнің нөмірі	ДСБ коды	ЭСН коды	Жұмыс түрінің атауы	Жұмыс тобы
1	2	3	4	5
	1		**Ғимараттар**	
	61		**Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар**	
1	6101	1101	Жер жұмыстары	3
2	6102	1105	Қада қағу жұмыстары	3
3	6103	1106	Монолитті бетон және темірбетон конструкциялар	3
4	6104	1107	Құрама бетон және темірбетон конструкциялар	3
5	6105	1108	Тас конструкциялар	3
6	6106	1109	Металл конструкциялар	3
7	6107	1110	Ағаш, гипсокартон, ПВХ және алюминий конструкциялар	3
8	6108	1109, 1110, 1115, 1126	Ойықтар	3
9	6109	1111	Едендер	1
10	6110	1112	Жабындылар	3
11	6111	1107,1108, 1113,1126	Оқшаулау жұмыстары	3
12	6112	1115	Әрлеу жұмыстары	1

Бөлімнің нөмірі	ДСБ коды	ЭСН коды	Жұмыс түрінің атауы	Жұмыс тобы
1	**2**	**3**	**4**	**5**
13	6113	1127, 1147	Аумақтарды көгалдандыру, абаттандыру	3
14	6114	1116	Ішкі құбыр жүйелері	1
15	6115	1117	Су құбыры мен кәріздің ішкі жүйелері	1
16	6116	1118	Ішкі жылыту жүйелері	1
17	6117	1119	Газбен жабдықтаудың ішкі жүйелері	1
18	6118	1120	Желдету және ауа баптаудың ішкі жүйелері	1
19	6119	1121, 1308	Электрмен жарықтандырудың ішкі жүйелері	1
20	6120	1303	Көтергіш-көлік жабдығы	2
21	6121	1122	Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері	3
22	6122	1123	Сыртқы кәріз желілері	3
23	6123	1124	Сыртқы жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау желілері	3
24	6124	1308	Электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері	3
25	6125	1134, 1310,1311	Әлсіз токты желілер	1
	71		**Желілік құрылыстар**	
26	7101	1101,1127	Автомобиль жолдары	3

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер

ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ДАРА СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАР. ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ДАРА СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

(ҚР ҚНБҚ 8.04-03-2022)

Басылымға жауаптылар: «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
Қарпі: Times New Roman. Пішімі 60 x 84 $^{1}/_{8}$
050046, Алматы қаласы, Солодовников көшесі, 21
Тел./факс: +7 (727) 392 76 16 – қабылдау бөлмесі

Издание официальное

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства

ЕДИНИЧНЫЕ СМЕТНЫЕ ЦЕНЫ НА СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫЕ РАБОТЫ. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ ПО ПРИМЕНЕНИЮ ЕДИНИЧНЫХ СМЕТНЫХ ЦЕН НА СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫЕ РАБОТЫ

(НДЦС РК 8.04-03-2022)

Ответственные за выпуск: АО «КазНИИСА»
Гарнитура: Times New Roman. Формат 60 x 84 $^{1}/_{8}$
050046, г. Алматы, ул. Солодовникова, 21
Тел./факс: +7 (727) 392 76 16 – приемная